

9. Байқауға қатысушылардың саны – 60 адам, әр аудан/қалалардан – 5 адамнан. Қатысушылардың жасы: 15-17 жастағы білім алушылар. Қатысушыларды байқауға жіберу кезінде өңір қатысушылардың жалпы санына кірмейтін 1 (бір) команда жетекшісін (оқушылардың өзін-өзі басқарудың облыстық үйлестірушісі) айқындайды.

Әр команданың ерекше атрибуттары болуы керек (мысалы: шарфтар, бейсбол қалпақшалары, футболкалары, жилеттері және т.б қатысушылардың өздері таңдауы бойынша белгілі бір түстер.)

10. Байқау өтетін жерге барар жолда, іс-шараны өткізу кезінде және тұратын жеріне қайтар жолда оқушылардың өмірі мен денсаулығы үшін команда жетекшісі жауапты болады.

Әрбір қатысушы байқау өтетін жерге барар жолда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайтар жолда өз заттарының сақталуына жауапты болады.

11. Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс:

1) көшірме:

білім алушыларды Байқауға қатысуға жіберу және жетекшіге жауапкершілікті жүктеу туралы білім басқармасы басшысының бұйрығы;

қатысушылардың және команда басшысының жеке басын куәландыратын құжаттар (куәлік (паспорт) немесе туу туралы куәлік);

қатысушылар туралы мәліметтер (туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша толтырылған тегі, аты-жөні, туған жылы, сыныбы, оқу орны, телефоны, команда жетекшісінің аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны);

дәрігердің қолымен және мөрімен расталған қатысушының денсаулығы туралы анықтама; қатысушылардың ата-аналарының нотариалды куәландырылған сенімхаттары.

4. Байқауды өткізу шарттары мен тәртібі

12. Байқаудың іріктеу кезеңдері:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік;

аудандық/қалалық;

2) екінші кезең – облыстық

3) үшінші кезең - республикалық .

13. Байқаудың өңірлік кезеңдерін өткізу орны мен мерзімі аудандық/қалалық білім бөлімдерінің басшыларының бұйрықтарымен анықталады. Аудандық/қалалық кезеңдер 2026 жылғы **05 наурызға дейін** аяқталуы тиіс.

14. Байқаудың өңірлік кезеңдері санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың көп жиналуына жол бермей немесе қашықтан өткізіледі.

15. Байқау келесі **номинациялар** бойынша өткізіледі:

1. Мектеп парламентінің «Біз біргеміз!» шығармашылық презентациясы.

2. Мектеп парламентінің «Жылдың үздік жобасы» презентациясын қорғау.

3. «Шексіз идеялар» бойынша ситуациялық тапсырмалар.

4. «Шығармашылықпен басқару» үй тапсырмасы.

Байқаудың қатысушылары (командалар) барлық номинациялар бойынша дайындалып, қатысады.

16. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

1) **«Біз біргеміз!» оқушылардың өзін-өзі басқарудың шығармашылық презентациясы** - команда өзінің мектеп парламентінің жұмысын ұсынады. Регламент – 5 минуттан аспауы керек. Регламентті бұзу қазылар алқасына команданың жұмысын тоқтатуға құқық береді.

Мектеп парламентінің жетістіктері, белсенділігі және бірегей ерекшеліктерін көрсету үшін презентацияға келесі бөлімдер мен материалдарды қосу ұсынылады:

1. Парламент туралы кіріспе және ақпарат.

Мектеп парламентінің аталуы және эмблемасы.

Мектеп парламентінің миссиясы мен мақсатына қысқаша сипаттама.

Мектеп парламентінің құрамы: мектеп парламенті мүшелерінің рөлі мен қызметі.

2. Парламенттің қызметі.

Жобалар мен іс-шаралар: мектеп парламенті ұйымдастыратын маңызды жобалар мен іс-шаралардың тізімі (мысалы, қайырымдылық шаралары, мәдени іс-шаралар, білім беру жобалары).

3. Жетістіктер мен марапаттар.

Марапаттар: дипломдар, грамоталар, алғыс хаттар көшірмелері.

БАҚ-тағы жарияланымдар: мектеп парламентінің қызметі туралы мектеп немесе өңірлік БАҚ-тағы мақалалар, жазбалар, репортаждар.

Пікірлер: педагогтер, ата-аналар, серіктестер және басқа да іс-шараларға қатысушылардың оң пікірлері.

4. Қорытынды.

Қорытынды шығару: Мектеп қауымдастығын дамытуға көмектесетін мектеп парламентінің негізгі жетістіктері.

Бағалау өлшемдері:

өзіндік ерекшелігі (*басымды*);

орындау сапасы (*басымды*);

тақырыпты ашу (*басымды*);

орындаушылық эстетика;

уақыттық регламентке сәйкестік.

2) **«Жылдың үздік жобасы»** – мектеп өмірін жақсарту, оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту немесе мектептегі өзекті мәселелерді шешу (әлеуметтік, білім беру, мәдени, экологиялық және т.б.) бойынша жоба презентациясы. Регламент - 5 минуттан аспауы керек. Регламенттің бұзылуы қазылар алқасына команданың өнерін тоқтату құқығын береді.

Бағалау өлшемдері:

өзіндік ерекшелік және жаңашылдық (*басымды*);

практикалық іске асыру (*басымды*);

әлеуметтік маңыздылығы (*басымды*);

мектеп парламентінің тартылуы және қатысуы;

презентациядағы шығармашылық көзқарас.

3) **«Шексіз идеялар» ситуациялық тапсырмалар** – қатысушыларға мектеп проблемаларын немесе сын-кәтерлерді көрсететін кейстер ұсынылады. Тапсырмалар мәтіндік немесе визуалды болуы мүмкін. Шектеулі уақыт ішінде талқылап, шешім ұсыну қажет.

4) **«Шығармашылықпен басқару»** үй тапсырмасы – еркін көркем формада команда өз мектеп парламентінің жұмысын ұсынады. Сахналық өнер көрсету мини-спектакль, сахналық көрініс, көрерменмен интерактив, TED-форматтағы сөз, комикс, музыкалық шығармашылық номер немесе стендап түрінде болуы мүмкін.

Сахналық көріністе міндетті түрде: оқушылар парламентінің құрылымы мен негізгі қызмет бағыттары көрсетілуі, оның мектеп пен оқушылар үшін маңыздылығы ашып көрсетілуі, өз қолдарымен жасалған бір реквизит қолданылуы, соңында оқушыларға арналған қорытынды үндеу жасалуы тиіс. Уақыт шегі: 5 минуттан аспайды. Регламенттің бұзылуы қазылар алқасына команданың өнерін тоқтату құқығын береді.

Бағалау өлшемдері:

тақырыпқа сәйкестігі (*басымды*);

өзіндік ерекшелік және шығармашылық (*басымды*);

көркемдік және мәнерлілік (*басымды*);

үйлесімділік және топтық жұмыс (*басымды*);

регламентті сақтау;

көрнекі және дыбыстық дизайн.

5. Байқаудың қорытындысын шығару

16. Байқаудың барлық кезеңдерін кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының шешімі соңғы болып есептеледі және хаттамамен рәсімделеді. Бағалау нәтижесі бойынша қатысушының **орташа балы** есептеледі, ол

қазылар алқасы мүшелері қойған барлық ұпайлардың арифметикалық орташа мәні болып табылады.

17. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен (жетекшінің аты-жөні жазылған) және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Байқаудың барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.

Сонымен қатар, «Жылдың инновациялық жобасы», «Ең креативті презентация», «Шығармашылық парламент», «Үздік әлеуметтік жоба», «Үздік бастамашы», «Идеялар генераторы», «Шығармашылық басқару шебері», «Командалық рух», «Энергия және драйв», «Ең үздік шығармашылық шешім», «Заманауи көзқарас» номинациялары бойынша байқаудың қатысушылары дипломдармен марапатталады.

6. Байқауды қаржыландыру

18. Аудандық/қалалық кезеңдерін жергілікті атқарушы органдар қаржыландырады.

19. Қатысушылардың Байқаудың республикалық кезеңін өткізу орнына бару және кері қайту жол ақысы, жолдағы тамақтануы жіберуші тараптың қаражаты есебінен төленеді. Жетекшінің іссапар шығыстары – жіберуші тараптың есебінен.

20. Байқаудың республикалық кезеңін өткізу кезінде қатысушылардың (жетекшіден басқа) тамақтану, тұру шығыстары республикалық бюджет есебінен қамтамасыз етіледі.

Ережеге 1-қосымша

«Үздік мектеп парламенті» байқауына қатысу туралы өтінім

№ р/с	Қатысушының аты-жөні туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша (толық)	Қатысушының туған күні, ЖСН	Білім беру ұйымы, сыныбы	Мектеп парламентінің атауы	Тұратын мекенжайы (облыс, қала, ауыл, көше, үй, пәтер номері, тел.)	Жетекшінің аты-жөні жеке куәлік бойынша (толық), телефоны	Топ жетекшісінің аты-жөні жеке куәлік бойынша (толық), телефоны
1	2	3	4	5	6	7	8